БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

# ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ - НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІН АУЫЛ БОЛЫП ТОЙЛАЙЫҚ!

Приозерск қаласының «Балақай» бөбек-жайында ортаңғы топтарда тәрбиеші С.А.Асылханова мен әдіскер Т.Біржанның ұйымдастыруымен «Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін ауыл болып тойлайық!» атты ертеңгілік болып өтті. Бұл ертеңгілікте топтар «Шәмші Қалдаяқов» ауылы, «Ақан Сері» ауылы, «Шара Жиенқұлова» ауылы, «Абай Құнанбаев» ауылы болып төрт ауылға бөлінді. Ертеңгілік барысында әр ауылға саяхат жүргізілді. Шәмші Қалдаяқов ауылы қонақтарды жылы қарсы алып, келген қонақтарға ауылдары неге Шәмші Қалдаяқов ауылы аталғанның айтып берді. Бұл ауылда Шәмші Қалдаяқовтың әнін «Қарлығаш» тобының ата-анасы Қалыбек Есболат «Үкілі қыз» әнін орындап, ал балаларымыз хормен «Наурыз» әнін айтып, қазақтың ұлттық «Киіз үй» ойынын ойнады.

Келесі Ақан Сері ауылында да қонақтарды жылы қарсы алып, тәрбиешілер Ақан Сері ауылы аталғанның айтып, ауылдың балалары Ақан Серінің жолын қуып келе жатқан ізбасарлары айтысты көрсетті, содан кейін өздерінің қазақтың ұлттық «Орамал тастамақ» ойынын ойнады.





Ал Шара Жиенқұлова ауылы болса мың бұралған биші қыздар мен ұлдарға толы екен, өздері шеттерінен өнерлі. Сондықтан ол ауыл Шара Жиенқұлова ауылы болып аталған екен. Ол ауылдың ұлдары мен қыздары би билеп, соңынан қазақтың ұлттық «Арқан тартыс» ойынын көрсетті.

Абай Құнанбаев ауылында әже қонақтарды қарсы алып, сол ауылдың ақсақалы Абай Құнанбаевтың «Жазғы тұрым» атты өлең шумақтарын оқыды. Ауылдың балалары да қалыс қалмай, наурыз мерекесіне арналған тақпақтарын мәнерлеп айтып беріп жатты. Тойды қазақтың салт-дәстүрі жөніндегі көрініс жалғастырып, көріністе әжелер ұршықпен жіп иіріп, қыздар би билеп, «Сүйінші», «Балаға ат қою» және «Аунату» атты дәстүрлер көрсетілді.

Қорытындылай келгенде, ертеңгіліктің алға қойған мақсаты ата-бабамыздан келе жатқан қазақтың ұлттық Наурыз мерекесінде қонақты қалай қарсалып, мерекені қалай тойлау керек екендігін баяндау, балаларды Отан сүйюге, ұлттық –дәстүрін дәріптеуге, имандылыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу, олардың бойында әдептілік пен ізеттілік қасиеттерін қалыптастырып, ұғындыру болып табылды және жоспарымыз ойдағыдай жүзеге асты деген ойдамыз.

**Тоқталған Біржан,**
**Сайрангүль Асылханова,**
***«Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайы» КМКК-ның әдіскері және тәрбиеші***

## ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

*Оқырмандар да Наурызды тойлады*